

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**



**2025 жылдың 15-20 қазан күндері аралығында  
СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ  
ЖӘНЕ ДЕСТРУКТИВТІ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ СЕБЕПТЕРІ БОЙЫНША  
САУАЛНАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Тараз – 2025ж.**

## **АЛҒЫ СӨЗ**

### **1. ӘЗІРЛЕГЕН:**

Әлеуметтік-мәдени даму проректор – А.Е. Тұрлыбек, Әлеуметтік-жұмыс басқармасының басшысы – А.Б. Ұлтанбаев, Дінтану бойынша бас маманы – Б.Қ. Алпысбаев, Жастармен жұмыс бөлімінің маманы – А.Батыркулова


### **2. ЕНГІЗІЛДІ:**

Әлеуметтік-жұмыс басқармасы


## СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ДЕСТРУКТИВТІ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ СЕБЕПТЕРІ БОЙЫНША САУАЛНАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025 жылдың 10–20 қазан аралығында Дулати университетінің студенттері арасында онлайн сауалнама жүргізілді.

Сауалнама «google.forms» платформасында өткізілді және **1850 студент** қатысты. Зерттеудің мақсаты – студент жастардың құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау, мінез-құлықтың алдын алу шараларының тиімділігін бағалау және құқық бұзушылыққа итермелейтін негізгі факторларды сараптау.




1. «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті – 167 (9%);
2. «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті – 383 (20,7%);
3. «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті – 203 (11%);
4. «Технологиялық» факультеті – **724 (39,1%)**;
5. «Экономика және құқық» факультеті – 306 (16,5%);
6. «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті – 67 (3,6%).




### Курсы бойынша:

1 курс – **934 (50,5%)**; 2 курс – 429 (23,2%); 3 курс – 264 (14,3%); 4 курс – 232 (12,1%).



### Жынысы:

Әйел – 1 211 (65,5%); Ер – 639 (34,5%).




**1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 442 - бап бойынша кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 23:00-ден кейін) көшеде жалғыз жүруіне тыйым салынғанын білесіз бе?**

Ия - 1 806 (97,6%)

Жоқ – 44 (2,4%);

**Талдау:** Бұл — құқықтық ақпараттандыру жұмыстарының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.



**2. Адамды қылмыс және тәртіпсіздік жасауға не итермелейді?**

Материалдық қиындықтар (Ақша жетіспеушілігі) – 375 (20,3%);

Әлеуметтік ортаның теріс ықпалы (нашар достар) - 574 (31%);

Заң туралы білімнің аздығы - 132 (7,1%);

Психологиялық/эмоционалдық қиындықтар (стресс) - 287 (15,5%);

Ішімдік пен есірткіге тәуелділік - 180 (9,7%);

Ата-ана тарапынан бақылаудың әлсіздігі - 68 (3,7%);

Жұмыссыздықтан немесе бос уақыттан - 46 (2,5%);

Жауап беруге қиналамын - 188 (10,2%).

**Талдау:** Жастар арасында сыртқы әлеуметтік факторлар (орта, достар) мен экономикалық жағдай негізгі қауіп көзі болып отыр. Сонымен қатар, эмоционалдық тұрақсыздық пен стресс те маңызды рөл атқарады.

**Ұсыныс:** психологиялық қолдау және әлеуметтік көмек жүйесін күшейту, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

## 2. Адамды қылмыс және тәртіпсіздік жасауға не итермелейді / Что побуждает человека совершить преступление?

[Копировать диаграмму](#)

1 850 ответов



## 3. Сіздің курстастарыңыз және басқа студенттермен қарым - қатынасыңыз қандай?

Жақсы – 1 664 (89,9%);

Нашар – 10 (0,5 %);

Қанағаттанарлық – 152 (8,2%);


Жауап беруге қиналамын – 24 (1,3%).

**Талдау:** Университеттің ішкі тәртібі мен әлеуметтік климат тұрақты екенін көрсетеді.

## 3. Сіздің курстастарыңыз және басқа студенттермен қарым - қатынасыңыз қандай? / Какие у вас отношения с однокурсниками и другими студентами?

[Копировать диаграмму](#)

1 850 ответов



## 4. Сіз оқитын оқу орнында «Қылмыстық топ» көріністерін байқайсыз ба, бар болса қандай?

Жоқ – 1 799 (97,2%);

Иә – 19 (1%);

Есірткі сататындар – 9 (0,5%).

Жауап беруге қиналамын – 15 (0,8%).

Сөмкесіне пышақ, қару, есірткі салып жүретіндер – 4 (0,2%);

Қорқытып ақша сұрайтындар – 4 (0,2%);

**Талдау:** құқық бұзушылық фактілері сирек, бірақ толығымен жойылмаған. Бұл бағытта жасырын алдын алу және бақылау жұмыстары қажет.



**5. Университетте топтасып тәртіп бұзатын немесе заңға қайшы әрекеттер жасайтын студенттерді кездестірдіңіз бе?**

Мүлдем болмайды – 1 682 (90,9%);  
 Сирек – 114 (6,2%);  
 Жиі – 10 (0,5%);  
 Жауап беруге қиналамын – 44 (2,4%).




**6. Қазіргі таңда студенттердің актуалды проблемалары қандай?**

Оқу үлгерімімен байланысты қиындықтар – 1 050 (56,8%);  
 Нашарлық, алкоголизм – 43 (2,3%);  
 Қаржылық (ақша) қиындықтар – 477 (25,8%);  
 Жат діни ағымдардың ықпалына түсуі – 15 (0,8%);  
 Қылмыс (ұрлық, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру) – 35 (1,9%);  
 Психологиялық тұрақсыздық (күйзеліс) – 186 (10,1%);  
 Тұрмыстық жағдайлар (жатақхана мәселесі) – 44 (2,4%).  
**Талдау:** Қаржы және психологиялық қолдау тетіктерін күшейту қажет.

**6. Қазіргі таңда студенттердің актуалды проблемалары қандай? / На данное время какие актуальные проблемы есть у студентов?**

[Копировать диаграмму](#)

1 850 ответов



**7. Сізді өзге студенттер тарапынан микрокредит алуға мәжбүрлеген әрекеттер болды ма?**

Жоқ – 1 818 (98,3%);

Ия - 22 (1,2%);

Айтуға қорқамын – 10 (0,5%);

**Талдау:** Бұл көрсеткіштер университет ішінде қауіпсіз орта қалыптасқанын дәлелдейді.

**7. Сізді өзге студенттер тарапынан микрокредит алуға мәжбүрлеген әрекеттер болды ма? / Были ли попытки заставить вас получить микрокредит со стороны других студентов?**

[Копировать диаграмму](#)

1 850 ответов



**8. Кураторлар тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізе ме?**

Иә, жиі жүргізеді – 1 410 (76,2%);

Сирек жүргізеді – 187 (10,1%);

Жоқ, мүлдем жүргізбейді – 87 (4,7%);


Білмеймін – 166 (9%).

**Талдау:** Бұл — тәрбие және құқықтық мәдениет бағытындағы жұмыс жүйелі түрде жүріп атқанын көрсетеді.

8. Кураторлар тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізе ме? / Проводят ли кураторы профилактическую работу по предупреждению нарушений?

[Копировать диаграмму](#)

1 850 ответов



9. Университеттегі алдын алу жұмыстарының (дәрістер, кездесулер, т.б.) тиімділігін қалай бағалайсыз?

Өте тиімді – 833 (45%);

Тиімді – 633 (34,2%);


Орташа – 332 (17,9%);

Тиімсіз – 52 (2,8%);

[Копировать диаграмму](#)

9. Университеттегі алдын алу жұмыстарының (дәрістер, кездесулер, т.б.) тиімділігін қалай бағалайсыз? / Как вы оцениваете эффективность профилактической работы (лекции, встречи и т.д.) В Университете?

1 850 ответов



10. Құрдастарыңызбен қақтығыс мәселесін қалай шешесіз?

Қақтығыстан қашу – 452(24,4%);

Төбелеспен – 32 (1,7%);

Келіссөз, сөйлесу арқылы – 1 088 (58,8%);

Мәселені елемей – 137 (7,4%);

Кураторға хабарлау – 141 (7,6%);

**Талдау:** Коммуникативтік мәдениет деңгейі жоғары, бірақ психологиялық қолдау тетіктерін арттыру орынды.



**10. Құрдастарыңызбен қақтығыс мәселесін қалай шешесіз? /  
Как вы решаете конфликтный вопрос со сверстниками?**

[Копировать диаграмму](#)

1 850 ответов



**11. Сізге синтетикалық есірткіні ұсынған студенттер немесе өзге адамдар кездесті ме?**

Жоқ, мүлдем кездестірмедім – **1 795 (97%)**;

Студенттер арасында есірткіні сататындар бар – 23 (1,2%);

Жауап беруге қиналамын – 27 (1,5%);

Құпия түрде есірткіні ұсынатын студенттер бар – 5 (0,3%).

**11. Сізге синтетикалық есірткіні ұсынған студенттер немесе өзге адамдар кездесті ме? / Встречались ли студенты или другие люди, которые предлагали вам синтетические наркотики?**

[Копировать диаграмму](#)

1 850 ответов



**12. Сіз есірткіні, психотроптық заттарды қолданып көрдіңіз бе?**

Жоқ – **1 816 (98,2%)**;

Ия – 11 (0,6%);

Стресс пен қиындықтардан құтылу үшін – 9 (0,5%);

Достардың әсерінен ортаға ілесу үшін – 4 (0,2%);

Әдетке айналған – 5 (0,3%);

Қызығушылықтан – 5 (0,3%).



**13. Қандай да бір құқық бұзушылық орын алған жағдайда кімге жүгінесіз?**

Ата-анаға – **829 (44,8%)**;

Декан, куратор, оқытушыларға – 555 (30%);


Университет әкімшілігіне – 121 (6,5%);

Педагог-психологқа – 19 (1%);

Достарыма – 133 (7,2%);

Ешкімге хабарламаймын – 193 (10,4%).

**Талдау:** Сенім жүйесін (психолог, омбудсмен, сенім жәшігі т.б.) жандандыру қажет.



**Қорытынды және ұсыныстар**

1. Құқықтық білім беру деңгейі жоғары, бірақ оны практикалық бағытта күшейту керек.
2. Психологиялық және әлеуметтік қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру маңызды.
3. Қаржылық қиындық пен стресс — басты тәуекел факторлары, сондықтан әлеуметтік бағдарламалар мен студенттік кеңес жүйесін жетілдіру қажет.
4. Алдын алу іс-шараларының тиімділігін арттыру үшін интерактивті форматтарды (тренинг, пікірталас, рөлдік ойындар) енгізу ұсынылады.
5. Сенім арналарын (анонимді байланыс, онлайн кеңес беру) дамыту арқылы студенттердің мәселелерін ерте анықтау қажет.